

3. З.Серікқалиұлы Алтын жамбы. Қазіргі көркемдік ой танымына көзқарас: талдау, толғаныстар. – Алматы: Өнер, 2001.

Резюме

В этом докладе исследуется ряд научных статей литературоведа-критика Зейноллы Сериккалиева, опубликованные в его книгах «Алтын жамбы» (Алматы, 2001) и «Сын кітабы» (Алматы, 2008). Представлены с точки зрения теории литературы индивидуальность и мастерство критика. Рассмотрены на научной основе стилистические особенности З.Сериккалиева, эстетические взгляды при анализе художественных произведений.

Summary

This report highlights a number of scientific articles of literary critic Zeynolla Serikkaliev published in his books "Altyn Jamba" (Almaty, 2001) and "Sin kitaby" (Almaty, 2008). Individuality and skills of the critic have been presented in terms of literary theory. Stylistic features of Z. Serikkaliev, aesthetic views in conducting the analysis of art works have been considered on scientific basis.

Ж. СЫДЫҚОВА,

филология ғылымдарының кандидаты,

С. Демирел атындағы университеттің аға оқытушысы

О. БӨКЕЙДІҢ «ҚАР ҚЫЗЫ» ПОВЕСІНДЕГІ ОБРАЗ ЖӘНЕ СЮЖЕТ

Алғашқы нұсқасы 1978 жылы жарық көрген «Қар қызы» повесінің автор өзгерткен соңғы нұсқасы көптеген өзгерістерге ұшыраған. Әр шығармасында табиғатты етене суреттейтін жазушының бұл туындысының аталуы да табиғаттың қыр-сырына негізделген.

О. Бөкей туындыларында эпиграфқа ерекше мән беретіні белгілі. Бұл туындының эпиграфы да повестің сюжеті мен даму барысына меңзеу танытады. «Әлдеқайдан, тым-тым алыстан...қар шағылдарының арасынан қыздың сыңсыта салған мұңлы әні естіледі» (1,123). Бұл ән мұңлы кейіпкердің әні екені де түсінікті.

Табиғат құбылыстарына өзінше баға беруге қалыптасқан ауыл қарияларының сөздерін жазушы көптеген шығармаларына арқау еткен. Шығармадағы бұл эпизодтар оқиғаның ауыл өміріне қатысты екенін негіздей түседі. Сонымен қатар қазақ ауылының қарияларының мінез-құлқын аша түседі. «Алтай өңіріне алпыс жылдан бері дәл осындай қалың қар жауғанын түседі. «Алтай өңіріне алпыс жылдан бері дәл осындай қалың қар жауғанын көрген жоқпыз», - деседі қариялар (1,123). Туындыда бұл құбылыс статикалық қызмет атқарып тұр, жазушының «Өліара» шығармасында идеяны ашу барысында бұл сияқты эпизодтардың маңызы ерекше.

«Ақсақалдар айтады: «Өліара ашық қой әзірше, қазан айы биыл тыныш өтер» (1,244); Ақсақалдар дәл осы айда қателесті: өліара жауын-шашынды жайсыз болды, туар ай... туар ай мазаң өтеді» (1,278).

Автор повесте қысы қатал Алтай өңіріндегі қазақ ауылының жағдайын баяндай отырып, Нұржан, Бақытжан, Аманжанға да мінездеме беріп өтеді.

Нұржан: «Ойбай-ау, мынау не деген көк мылжың еді - әй, әкри... түзге отырып, аяқтамай айнып тұрып кетер бәдік екен-ау. Сен екiнiң бiрi емессiң, шырақ. Сен... мұқым ауданның маңдай алды механизаторысың, бiлдiң бе?!» (1,126).

Аманжан: «Бiрiншiден, көмекшiлiкке Аманжанды аламын. Ол - өте сенiмдi де мықты жiгiт. - Әкет, әкет сол итаяқ ауыз сойқанды. Iшкi жаққа ептеп қалдырып кет өзiн... соңынан iздеп барар адам да жоқ» (1,129).

Бақытжан: «сонымен, екiншi көмекшiлiкке Бақытжан шыдас берер. Терiсi қалың, толық жiгiт, арық-тұрақ бiздерге жылу берiп жүрер» (1,129).

Бұл суреттеулер нұржан мен управляющий Упрай арасындағы диалогтан алынған. Шығарма барысындағы негiзгi үш кейiпкерге берiлген алғашқы сипаттама осы тұрғыдан көрiнедi.

Туындыдағы негiзгi кейiпкер Қар қызы образының сюжет барысындағы рөлi ерекше. Автор қар қызын оқырманмен аңыздық кейiпкер ретiнде таныстырады. «Оның үстiне биыл қыс қатты, қар қалың. «қар қызы деген бәле оянып кетiптi деп жүр ғой. Не құт, не жұт» (1,129). Автордың қар қызы образын ашудағы алғашқы қадамы бiр-бiрiне қарама-қарсы ұғымдарды қарсы қоюымен, сол арқылы сюжет барысындағы оқиғалардың қай бағытта болатынын танытуымен ерекшеленедi. Шығармада қар қызы кейiпкерлердiң де берген бағасы, олардың сол жайындағы әңгiмесi сюжет дамытуда динамикалық қызмет атқаратынын басып айта аламыз. Себебi болған оқиғалардың барлығы дерлiк Қар қызының аңыздық кейiпi арқылы дамып отырады. «Айыртауда Қар қызы бар екен, қыста қарлы шағылдардың арасында көзге көрiнбей ән салып жүредi екен, жаз шыға жетi қат жер астына сiңiп кетедi екен – деген аңызды талай, талай естiсем де...» (1,120); «Бұғының етiн жеп, қанын iшiп, көзi қарайып отырған шал әлгi қызды тарпа бас салып, жұлмалай бастайды, түн iшiнде шырылдап әрең дегенде жалаңаш, жалаң аяқ қашып шыққан қыз... ақ қар көк мұздың арасында адасып, тiптi ызым-қайым жоқ болған.... Кейбiреулер айтады: «Ол қыз қарға Қар қызы» (1,231). «Иә, иә, iртеңiзде жатқан сол аты аңызға айналған қар қызы» (1,227). Бұл үзiндiлерден қар қызының аңыздық бейнесiн көре аламыз.

Шығармада сонымен қатар қар қызының елес ретiнде көрiнiс беретiн тұстары кездеседi. Елес мотивiнiң көркем шығармадағы қызметi көптеген

зерттеулерде айтылып жүр. Бұл туындыда қар қызының елес бейнесі аңыздық бейненің жалғасы іспеттес. Бір ерекшелігі елес күйінде Нұржанға ғана қатысты сезілетіндіктен, Нұржан образын ашуға да әсер етеді. «Өлдім-ау дегенде қыздың сыбырлағаны естілгендей болды. «Нұржан, сен кет бұл ауылдан, мүлдем кет, мәңгілікке кет... бұл жерде адамдар көбейіп барады...саған еркіндік жоқ.... (1,139); «Нұржанның құлағына әлдебір сыбыр естілгендей болды. Мен...тоңдым... мынау...суық жалғаннан. Ыстықтықтан жаураған, мынау қарлы өлкеде, мұзға айналып қалмаған, адамың бар ма, айтпаған... (1,147); «Нағыз махаббат жер астында жоқ. Тұр! Егіле бермей, еңсеңді көтер. – қолынан тартады. – Үсік шала бастаған екі досыңды оят!» (1,208). Осы сиқты қар қызының елесін бейнелейтін үзінділер шығарманың өн бойынан кездесіп отырады. Аңыздық бейнеден елеске ауысқан Қар қызының бейнесі бірте-бірте шынайы бейнеге ауысады.

Қар қызы – Алмажан оқырман үшін күтпеген шешім. Дегенмен бұл образдың құрылымы сенімді болып табылады. Аңыздан елеске, одан Алмажанға айналған қар қызы образы Алмажан мен Нұржанның диалогы арқылы жеткізілген. Бұл диалогтағы Алмажанның сөздеріне тоқталсақ:

Апамыз бала көтермеген кісі... Мен сол түні адасып кеткен Қар қызымын. Боранды түнде үсік ұрып, кірпігім ғана қимылдып, қарға көміліп жатқан жерімнен осы үйдегі Ата тауып алды... Содан бері тіпті тірі адамның бетіне қарағым келмейді. Екі аяқты атаулының бәріненкөңілім қалды да, үстіме аппақ көйлек киіп қырға шығып ән саламын. .. Ал Қар қызы туралы аңызды өзім ойлап таптым. Атам екеуміз әдейі ел-жұртқа таратып жібердік. Міне содан бері күндіз сауыншы, түнде-Қар қызы бейнесінде жүрмін» (1,238).

Аңыз, елес, Алмажан бейнесі қосылып, Қар қызы образын тудырған. Бұл күрделі образ қазақ әдебиетіндегі басқа да аңыздық бейнелерден өзгешелігімен танылады.

Дегенмен Қар қызындағы жұмбақтық О.Бөкейдің басқа да повестерінде кездеседі. Жұмбақ әлем, жұмбақ кейіпкер жазушы дүниетанымының бір қыры болса керек. Қар қызының шынайы кейіпкерге айналуы шығарма шешімімен де тығыз байланысты. Ол Нұржанның сол ауылда қалуды ұйғаруымен тығыз байланысты.

Бұл шығармада асулармен бөлінген, О. Бөкейдің туындыларында үлкен идеялық рөл атқаратын үш кеңістіктің біреуіне, сапарға бірге аттанған үш жігіттің біреуі қалды. Сол жерде өмір сүруге бел байлады.

Таудың арғы бетінде сиыршы шалдың қарамағында қалған Нұржан, Қоңқай асуында қалуды шешкен Аманжан, ауылға жалғыз қайтқан Бақытжан – осы үш образ арқылы автор сол кезеңдегі шындық, атап айтқанда соғыстан кейінгі кезеңдегі ұрпақ проблемасындағы ащы шындықты суреттеген. Әр кейіпкер характер, портрет, талғам тұрғысынан ерекшеленгенімен, бұл үшеуіне ортақ замана шындығы сюжет барысында

көзге түседі. Және осы шындықтың көлеңкесі арқылы оқырман бұлардың үш кеңістікті таңдауына таң қалмайды.

Автор соғыстан кейін өмірге келген ұрпақ жайлы басқа да шығармаларында сөз етеді. «Қар қызында» бұрын қазақ әдебиетінде бұл тұрғыда ашыла қоймаған тақырып оқырман түсінігінде мүлде басқаша көзқарас қалыптастырады. «Соғыс сандаған күнәны тудырып, сандаған күнәны ақтады да. Әйтпесе 1946 жылы туған Аманжанның әкесі қалай ғана соғыс жылдарында өліп қалады. Осындай соғыс тудырған әрі тудырмаған, бірақ соғысқа сілтеген қисынсыздар ел ішінде көп ақ еді» (1,129); «Өттерің жарылып кетсе де айтайын, үшеумізде де шикілік бар. Бұл шикілік соғыс жылы, соғыстан кейін туғандардың бірсыпырасында бар»; «Ляуқи неме, төрт жыл бойы шешеннің ішінде жатқан екенсің ғой ха..ха» (1,156); Жоқ, жарқыным, соғыс кезінде немесе соғыстан соң туғандар бір-біріне ұқсап жатса оған балалар әсте де кінәлі емес.... Мы дети войны. Мы законное дитя эпохи» (1,157). Бұл үзінділер кезеңдік ерекшелікті білдірумен қатар идея айқындауда, образ даралауда басым қызмет атқарады. Автор осы үш жігіт арасындағы диалог арқылы соғыстан кейін бір ауылда бір-екі ер азамат болған қазақ ауылдарында ұрпақ мәселесі қалай болды деген әлеуметтік сұрақтың жауабын меңзеген. Туындының әлеуметтік қабаты болып табылатын осы үзінділер автор идеясымен астасып жатқаны белгілі.

О. Бөкейдің туындыларында ерекшеленетін жұмбақ образдар жиі кездеседі. Соның бірі - «Қар қызындағы» Қоңқай шал. Елден қашып, өз алдына жеке мемлекет болуды көздеген, жалғыз өзі айдалада өмір сүретін Қоңқай динамикалық образ десек болады. Сюжет дамытуда автор Қоңқай бейнесін жан-жақты ашқан. Қоңқай шал образы да қар қызы әр түрлі типте ашылады. Алғашында жалаң аяқ, жалаңбас қарды кешкен жұмбақ шал бейнесінде көрінеді. «Жалт қарағандарында, тура қыр желкелерінде төніп тұрған аппақ, еңгезердей аруақ шалды көрді» (1,145)... «жұмбақ шалдың үйі жалғыз бөлмелі» (1,147).

Қоңқай шал оқиға барысында ұлтсыз, қатыгез адам ретінде де танылады. «Шал: - Ал мен тіпті де қазақ емеспін» (1,149); «Подонок! – деп айғайлады шал. Көзі шатынап, қолы-басы дірілдеп кетті» (1,150).

Қоңқай бейнесінен кейінгі кездегі әдебиеттен жиі кездестіретін «жатсыну» проблемасында көре аламыз. «Елмен аралас-құраласы жоқ, қоршаудан қашып шыққан бұғыдай саяқ ғұмыр кешті...Сонау аппақ кеңістікке барар жол мен ызыңшу, қым-қуытты өмірдің екі ортасында шекара, бекет іспетті, міне жарты ғасыр, осы жаман үйінде жападан-жалғыз тіршілік құруда... Осы елдің тойын қойып, топырақты өліміне қатыспаған қаңғыбас Қоңқайда дін, идея, бір нәрсеге сену секілді үлкен ұғымдар атымен ада - өзімен өзі оқшау өмір сүріп, жетпістен асып барады....» (1,159). Осы сияқты үзінділерден Қоңқай образы айқындала түседі. Қоғамды жатсыну, одан қашу О. Бөкейдің «Атау кересінде» де шығарма идеясымен астасып

жатады. Бұл романдағы қоғамнан оқшауланып, өзіне басқа кеңістік іздеген Ерік пен «Қар қызындағы» Қоңқай шалдың арасында кәсібі, дүниетанымына қатысты көптеген ұқсастықты байқауға болады. Сол сияқты байлық жинау, сол байлықпен бірге көмілу ойлары автордың «Қайдасың, қасқа құлыным» әңгімесіндегі Сарқыншы шал жағдайымен сәйкес. Яғни бұл типтегі кейіпкерлердің автор шығармашылығында жиі кездесуі (әңгіме, повесть, роман) идея жалғастығын да көрсете алады.

Автор Қоңқайдың жер астындағы байлығын суреттей отырып, Қоңқай образының бір қрын ашқан. «Байлықтың көкесін нұржан, осы жер астындағы үйден көрді. Адамның жанынан өзгенің бәрі бар сықылды көрінді көзіне. Тіпті шындап іздесе, адамның жаны да табылар ма деп қалды» (1,165). Осы байлықты суреттеу арқылы «Қоңқай шалдың аңыздық бейнесін аша түседі. Ел аузында жүрген жұмбақ шалдың байлығы осы оқиғаға арқау етілген.

Жазушының шығармашылығына негіз болған жақсылық пен жамандық арпалысы «Қар қызында» осы образдар арқылы дами түседі. Туындыдағы үш кеңістікке бөлінген үш жігіт, адастыратын Қоңқай, жолға түсіретін сиыршы шал тағдыры арасындағы тартыс осының айғағы. Бұл оқиғалардың барлығы Қар қызы образымен байланысты өрбуі де жазушы шеберлігін танытады. Ал автордың жеке дүниетанымын кейіпкері Нұржанның философиялық ойларынан түсіне аламыз. О. Бөкеев өз туындыларында қоғамды әдебиет арқылы тәрбиелеуге болатынын дәлелдеп отырған. Жазушы бұл ойын кездесулерде де ашық айтып отырған. «... отырған. Жазушы бұл ойын кездесулерде де ашық айтып отырған. «... партияға бағынған жазушы көркем дүние тудыра алмайды, жазушы партияға емес, жүрегіне бағыну керек. Әдебиет партияға емес, керісінше партия әдебиетке қызмет етуі тиіс»(2).

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Бөкей О. Қар қызы: Хикаяттар/ Құраст.Р. Мәженқызы. – Алматы: Раритет, 2008.-280 б.
2. Іргебаев Е. Ұмытылмас кездесу немесе Оралхан Бөкей жайлы үзік сыр// Астана ақшамы. -2003. – 18 қыркүйек.

SUMMARY

The author's ideas and plot are represented by fiction images in O.Bokei's novel «Kar kzy» (Snow Girl) and it is discussed in this article.

ÖZET

Bu makalede Oralhan Bökey'in "Kar kızı" hikayesindeki yazarın ana düşüncesi, süjesi eserdeki tipler vasıtasıyla incelenmiştir.